

ТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІІК НЕГІЗДЕРІ

«Тіршілік қауіпсіздік негіздері» пәні – адамды әртүрлі қауіптен және зиянды факторлардан қорғау, сонымен қатар денсаулық пен қауіпсіздікті сақтау туралы ғылымның саласы.

Тіршілік қауіпсіздік негіздері пәнінің мақсаты- болашақ мамандарды төтенше жағдай кезінде өзінің кәсіби міндетін атқаруға дайындау.

Оқыту міндеттері:

бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайда халықты қорғау әдістерін және зардабын жою мен құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру негізін үйрету;

өмір сүру ортасындағы адам қауіпсіздігінің теориялық негіздері білімдерін қалыптастыру;

тіршілік қауіпсіздігінің құқықтық және нормативтік техникалық негіздерін үйрету;

студенттерді жарақат алу, зақымдану, қатты ауру, өте қауіпті жұқпалы аурулар олардың айыру белгілері мен медициналық көмек көрсете білуге оқыту;

зақымдану ошақтарын сипаттауды үйрету;

қазіргі зақымдағыш құралдар мен төтенше жағдайлардың зардабын халықты қорғайтын әдістеріне сипаттама беру.

- ◎ **Қауіпсіздік** деп- қызмет, жұмыс істеу жағдайында қауіп белгісінің болмауы.
- ◎ **Қауіп** деп- адамның денсаулығына зиян келтіретін заттардың уытты қасиеттері, қандайда бір құбылыс не процесс.
- ◎ **Қауіпті анықтау дегеніміз-** қауіптің тұрпа-бейнесін, оның даму себептерін, болатын мерзімін, сипатын, аумағын, және келтіретін зардабын болжау процесі.
- ◎ **Денсаулыққа зиян келу-** ауру не жарақаттану салдарынан өлім-жітімі, мертігу мүгедектіктің туындауы.

Тіршілік қауіпсіздік пәні негізінен келесі жағдайларды қарастырады:

- 1) Тұрмыстағы қауіпсіздікті
- 2) қалалық ортада өмір сүрудегі қауіпсіздікті
- 3) қоршаған ортаның қауіпсіздігін
- 4) Бейбіт уақыттағы және әскери кездегі төтенше жағдайлар

Апат- бұл адам шығының тудыратын, халық денсаулығына зиян келтіретін , нысандар мен материалдың құндылықтарды жойып қирататын және қоршаған ортаны ластап, зиян келтіретін кенеттен пайда болып, шапшаң өтетін оқиға.

Апат медицина- стихиялық жағдайлар және эпидемше кезінде тұрғындарды құтқаруға және өмірін сақтап қалуға, жарақаттар мен аурулардың алдын алуға және емдеуге, төтенше жағдай апатын жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған ғылым-тәжірбиелік қызметтер мен білім жүйесін біріктіретін медицинаның бір саласы.

- *Құтқару жұмыстары*, адамдарды құтқарып алуымен тікелей байланысты, оған мыналар кіреді:
- — басылып не қамалып қалған орындарда зардап шеккендерді іздеу;
- — зардап шеккендерді шығарып алу (оларға жету жолдарын жасау);
- — зардап шеккендерге алғашқы медициналық жәрдем көрсету;
- — зардап шеккендерді апат болған жерден көшіру.
Арнаулы (жедел) жұмыстар мыналарды қамтиды:
- — өрт сөндіру ;
- — коммуналды-энергетикалық және техникалық желілердегі апаттарды жою;
- — тосқауылдарға кіру жолдарын жасау;
- — осал құрылыстарды күшейту.

Құтқарушы- құтқару және шұғыл жұмыс жүргізуге арнайы дайындықпен аттестациядан өткізілген азамат.

Құтқару жұмыстары адамдарды материалдық және мәдени бағалықтарды қоршаған әртүрлі сипаттағы қауіп төндіретін факторлар әсерін алдын алуға және шектеуге арналған төтенше жағдай аумағындағы іс-әрекет болады.